

Н.Т. Шыңғысова*^{1,2}, **Е.И. Дудинова¹**, **М.О. Негізбаева¹**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Калифорния университеті, Дэвис, АҚШ

*e-mail: nshyngyssova@ucdavis.edu

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАБЫЛДАУДЫ ТАЛДАУ

Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары білім беру жүйесіне дендеп енген сайын, технологиялардың оқу үдерісін қаншалықты деңгейде жақсартып, білім алушылардың когнитивтік қабілеттері мен дағдыларына қалай ықпал етеді деген пікірталастар толастар емес. Бұл мақалада университет аудиториясының жасанды интеллектіні қабылдауын бағалау параметрлерін талдау нәтижелері ұсынылған.

Зерттеу гипотезасы студенттердің ЖИ технологияларын белсенді таратуы мен қолдануы олардың медиа сауаты мен сыни ойлау деңгейінен анағұрлым алда екенін, бұл ақпаратты, жалған жаңалықтар мен манипуляциялық контентті ой елегінен өткізбей қабылдау қаупін арттыратынын болжайды. Өз кезегінде, оқытушылар ЖИ технологиясын белгілі бір орындаушылық тапсырмаларды шешудегі құнды құралдық мүмкіндіктерін мойындай отырып, білім берудегі өздігінен орындау мен прогресті төмендету тәуекелі ретінде қабылдайды.

Мақаланың мақсаты – ЖИ құралдарын жоғары білім беру жүйесіне интеграциялау тәжірибесі мен формаларын зерттеу, білім алушылардың жасанды интеллект ресурстарына көзқарасының негізгі алгоритмдерін анықтау және этикалық, когнитивтік және әлеуметтік ықтимал тәуекелдерді сипаттау.

Зерттеудің әдіснамалық негізін эмпирикалық және теориялық әдістердің кешені, ғылыми деректерді талдау мен жүйелеу, сауалнама әдістерінің социологиясы, статистикалық деректерді интерпретациялау, сапалық салыстырмалы және перспективалық талдаулар құрайды.

Шолу зерттеуінің нәтижелері жоғары білім беру жүйесіне ЖИ құралдарын кешенді енгізуге қатысты оқытушылар арасындағы екіұшты көзқарастарды анықтап, академиялық адалдық пен тәуелсіз ойлаудың төмендеуінің елеулі қауіптерін көрсетті. Дегенмен, студенттер жасанды интеллект дағдыларын меңгеру әлеуетін өздігінен оқудың және жаңа цифрлық медиа форматтарына бейімделудің маңызды құрамдас бөлігі, сондай-ақ кәсіби даму факторы ретінде қарастырады.

Бұл зерттеу жоғары білім беруде ЖИ-ді сауатты қолдану туралы жалпы қабылданған, қалыптасқан этикалық білім мен түсініктің болмауын ескере отырып, халықаралық стандарттар мен нұсқауларды қазақстандық контекстке енгізудегі ЖИ қолданылуының ең қолайлы моделін талқылауға үлес қосады.

Практикалық маңызы зерттеушілердің пікірінше білім беру мақсатына көбірек сәйкес келетін толықтырылған интеллектінің (Augmented Intelligence) перспективті моделін негіздеуді жүзеге асыруында.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, жоғары білім беру, интеграция, ЖИ сауат, технологиялық тәуекелдер, толықтырылған интеллект.

N.T. Shyngyssova*^{1,2}, E.I. Dudinova¹, M.O. Negizbaeva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²University of California, Davis, USA

*e-mail: nshyngyssova@ucdavis.edu

Artificial Intelligence in Higher Education: An Analysis of Technology Perception

As artificial intelligence (AI) tools are increasingly integrated into the educational system, debates persist regarding the extent to which these technologies can enhance the learning process and influence students' cognitive abilities and skills. This article presents an analysis of the evaluative parameters of AI perception among a university audience. The research hypothesis suggests that the rapid proliferation and adoption of AI technologies by students outpace their levels of media literacy and critical thinking. This gap increases the risks of uncritical information consumption, exposure to fake news, and manipulative content. Conversely, educators perceive AI as a risk to student autonomy and academic progress,

The purpose of the article is to examine the experiences and forms of AI tool integration in higher education, identify the primary patterns of student attitudes toward AI resources, and describe potential ethical, cognitive, and social risks.

The methodological framework of the study comprises a complex of empirical and theoretical methods, including the analysis and systematization of scientific data, sociological surveys, statistical data interpretation, as well as qualitative comparative and summative analyses.

The results of the survey research indicate an ambiguous attitude among faculty toward the comprehensive integration of AI into higher education, highlighting significant risks to academic integrity and independent thinking. However, students view AI proficiency as a mandatory component of self-directed learning, an adaptation to new digital media formats, and a vital factor in professional self-development.

Given the lack of universally accepted ethical guidelines for the correct use of AI in higher education, this study contributes to the discussion on the most desirable model for AI functioning in education by integrating international standards and recommendations into the Kazakhstani context. The practical significance lies in the substantiation of a promising Augmented Intelligence model, which, in the researchers' view, is most suitable for educational purposes.

Keywords: artificial intelligence, higher education, integration, AI literacy, technology risks, augmented intelligence.

Н.Т. Шыңғысова^{1, 2*}, Е.И. Дудинова¹, М.О. Негізбаева¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Калифорнийский университет в Дэвисе, США

*e-mail: nshyngyssova@ucdavis.edu

Искусственный интеллект в высшем образовании: анализ восприятия технологий

По мере активного внедрения инструментов искусственного интеллекта (ИИ) в систему образования не утихают дискуссии о том, в какой степени технологии способны улучшить учебный процесс и повлиять на когнитивные способности и навыки обучающихся. В данной статье представлены результаты анализа оценочных параметров восприятия ИИ университетской аудиторией. Гипотеза исследования заключается в предположении, что активное распространение и применение студентами технологий ИИ опережает уровень медиаграмотности и критического мышления, что повышает риски некритичного восприятия информации, фейковых новостей и манипулятивного контента. В свою очередь, преподаватели видят в технологии ИИ риски снижения самостоятельности и прогресса в обучении, признавая его ценные инструментальные возможности при решении определённых исполнительских задач.

Цель статьи – изучить опыт и формы интеграции инструментов ИИ в систему высшего образования, выявить основные алгоритмы отношения обучающихся к ресурсам искусственного интеллекта, описать потенциальные этические, когнитивные и социальные риски.

Методологическую основу исследования составляют комплекс эмпирических и теоретических методов, анализ и систематизация научных данных, социологические методы анкетного опроса, интерпретации статистических данных, качественный сравнительный и обобщающий анализы.

Результаты исследования демонстрируют неоднозначное отношение преподавателей к системному внедрению ИИ, обусловленное рисками снижения академической честности и уровня самостоятельного мышления. В то же время студенты рассматривают владение навыками работы с ИИ как обязательный компонент самообучения, фактор адаптации к цифровым медиаформатам и условие профессионального саморазвития.

В условиях отсутствия общепринятых этических стандартов использования ИИ в высшей школе, данное исследование вносит вклад в дискуссию о наиболее эффективной модели цифровизации образования, адаптируя международные рекомендации к казахстанскому контексту. Практическая значимость заключается в обосновании перспективной концепции дополненного интеллекта (Augmented Intelligence), которая, по мнению авторов, является наиболее адекватной для реализации образовательных целей.

Ключевые слова: искусственный интеллект, высшее образование, интеграция, ИИ-грамотность, технологические риски, дополненный интеллект.

Кіріспе

Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың дамуы жаһандық сипат алып, жоғары білім беру жүйесіне инновациялық өзгерістер енгізді. Осы орайда, білім беруге ЖИ-дің тиімді интеграциясын ғылыми негіздеу қажеттілігі артты. ЖИ-дің білім беру саласына интеграциясы, ЖИ технологиясының мүмкіндіктері, шектеулер мен қауіп-қатерлер маңызды, көкейтесті әрі кең талқыланатын зерттеу тақырыбы десек те, ғылыми дискурста көбінесе шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесі қарастырылады. Сондықтан, жоғары білім берудегі ЖИ технологиясын қабылдау жөніндегі қазақстандық ерекшеліктерді талдап, зерделеу өзекті. Бұл зерттеу білім беру саласындағы цифрлық өзгерістерді қабылдаудың өзекті мәселелерін біртұтас қарастыруға, заңдылықтары мен себеп-салдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Пандемия кезінде ЖОО оқытушы-профессорлар құрамы ақпараттық-коммуникациялық технологияның көмегімен онлайн сабақ беруге мәжбүр болды. 1956 жылы пайда болған терминге деген қызығушылық ғалымдар тарапынан әртүрлі бағыттағы зерттеулерге негіз болды. ЖИ технологияларының қолданылуы жоғары білім саласына да ене бастады, оқу бағдарламалары түзіліп, ЖИ құралдарының көмегімен оқу тиімділігін бағалау жүзеге асырыла бастады.

Бүгінде жасанды интеллект технологиялары әртүрлі білім беру платоформаларында: іздеу жүйелерінде, чат-боттарда, аударма жасауда қолданылады. ЖИ тек көмекші құрал, оған мәтін жазу, ақпараттың шынайылығын тексеру міндеттерін жүктеуге болмайды. Шетелдік бұлттық қызметтер деректер қауіпсіздігі тәуекелін туғызса, автоматтандырылған жүйе кейбір мәліметтерді ескермей, біржақты ақпарат беруі мүмкін. Авторлық құқық, деректерді манипуляциялау, жауапкершілік, дереккөздердің сенімділігі маңызды мәселелері де мұқият талдауды қажет етеді.

Әлемде студенттердің көпшілігі ЖИ құралдарын апта немесе күн сайын қолданады. Кең таралған құралдар ChatGPT, Quillbot және Grammarly т.б.

Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына ЖИ-ді қолданудың этикалық аспектілерін үйрететін пәндер енгізіп, журналистиканың сапасын арттырып, аудиторияның сенімін қалыптастыру үшін болашақ мамандарға журналист жауапкершілігін жете ұғын-

дыру қажет. Себебі, ЖИ-дің журналистикаға интеграциясы студенттерге жаңа мүмкіндіктер туғызып, қазіргі медиакөшілікте жұмыс істеуге баулиды. Мәселен, АҚШ жоғары оқу орындарында ЖИ құралдарын журналистік білім беруде қолдану білім беруді жеңілдетіп, материалды терең меңгеруге ықпал етеді. ЖИ көмегімен жасалған қысқа жаңалықтар студенттерге материалды терең талдауға көмектеседі. Grammarly и Hemingway құралдарының көмегімен мәтінді өңдеу жазу машығын дамытуға ықпал етеді. Оқу үдерісінде студенттер ЖИ-ді үлкен деректерді талдауға пайдаланады. Бұған ЖИ-дің қоғамдық пікірді талдап, болашақ тенденцияларды анықтауы септігін тигізеді. Ақпарат жинап, қоғамдық пікірге сұрау салуға чат-боттарды пайдалану студенттерге аудиториямен өзара байланыс жасау машығын сініреді. ЖОО оқытушылары ЖИ көмегімен оқу материалдарын әзірлеп (оқытуға арналған контент, студенттерге арналған үлестірілген материалдар т.б.) уақытын үнемдеп, жұмысын жеңілдетіп, студенттерді де ЖИ-ді жауапкершілікпен пайдалануға үйретеді. ЖИ құралдары студенттерді оқыту үшін бағалау критерийлерін, жеке және топтық тапсырмалар әзірлеу, студенттерден кері байланыс алу, бағалауды автоматтандыру, сурет, дыбыстарды генерациялау сияқты көптеген міндеттерді шешеді. Сондықтан ЖИ-ді журналистикада қолдануға баулитын арнаулы курстардың маңызы зор.

ЮНЕСКО халықаралық ұйымын 2023 жылдың қаңтарында ChatGPT-ді күнделікті пайдаланушылардың саны 100 миллионға жеткенімен, тек бір ғана елдің генеративті ЖИ-ді пайдалануды реттеуді шілде айында енгізуі алаңдатқан еді. Қазақстан 2026-шы жылды Жасанды интеллект және цифрландыру жылы деп жариялап, «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдады. Жауапкершілік және бақылау қағидаттары бекітіліп, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптары күшейтілді. Занда ұлттық ЖИ платформасының отандық модельдер мен бағдарламаларды жасау, оқыту ортасы деп танылуы болашақта ұлттық мәдениетке негізделген отандық нейрожелілерді дамытады. Уақыт талабынан туған бұл қадамдар Қазақстанның IPv6 адресациясы арқылы (дәл қазіргі таңда) ЖИ-ді толыққанды қолданып отырған цифрлық инфрақұрылымы дамыған елдер қатарына қосары даусыз. Қазіргі таңда жасанды интеллект елімізде генеративті форматта дамып, пайдаланушылар көбінесе ChatGPT құралын қолданады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл ғылыми зерттеу жұмысына ЮНЕСКО халықаралық ұйымының ресурстары, «Future of jobs» зерттеулері басшылыққа алынды. ЖИ-дің білім беруге ықпалын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Студенттердің ЖИ құралдарына көзқарасы мен пайдалану деңгейін анықтайтын сауалнама жүргізілді. Ғылыми жұмыста қолданылған өзге де әдістерге ақпаратты жинақтау, талдау, салыстырып, гипотеза жасау, синтез және индукция әдістері қолданылды.

Технологияны қабылдауды талдау үшін Google Forms платформасы арқылы 2025 жылдың 18 қазан – 18 желтоқсан аралығында жүргізілген онлайн сауалнама көмегімен эмпирикалық мәліметтер жиналды. Алынған әлеуметтік мәліметтер статистикалық әдіс-тәсілдер арқылы өңделді. Сауалнамаға сілтеме WhatsApp месенджеріне жарияланып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіндегі студенттік топтар мен жұмыс чаттарына тарату өтінілді. Сондай-ақ, халықаралық және отандық ЖОО-лардың журналистика факультеттері мен кафедралары оқытушыларының электронды пошталарына сауалнамаға қатысу туралы хаттар жіберілді.

Екі тілді сауалнамаға 100-ден астам студент пен 37 оқытушы қатысты. Сұрақтардың мазмұны келесі сілтемелерде қолжетімді:

1. [https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSffouRWTJt2aTavGjSNYXgJwWdkLBxC5IeNZoAzWPcalbXw/viewform](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSffouRWTJt2aTavGjSNYXgJwWdkLBxC5IeNZoAzWPcalbXw/viewform;);

2. https://docs.google.com/forms/d/1jTZQsSoZWcxNmLVLiRc_GuGFSenZS7SJSHWQhUYJ6_M/edit;

3. <https://docs.google.com/forms/d/1IRpy8f4IBFyY9yBxZHizj-nM7H2nGJxYrpyTc9ou0Q4/edit?ts=699d5bab>;

4. https://docs.google.com/forms/d/1eRHNWZVvOpqsg_22PF5mC2iLhZqLjZFDmnEEy99a2QU/edit?ts=699c65d0#responses.

Зерттеу әдістемесі ЖИ-ді білім беруге енгізудің қолданыстағы модельдерін талдауға, берілген технологияларды сипаттаудың қазіргі үдерістерінің заңдылығын анықтайтын теориялық әдістердің симбиозына және білім беру процесінде ЖИ сегменттері мен алгоритмдерінің нақты қатысуының эмпирикалық формаларына негізделген. Сауалнама нәтижелері деректерді түсіндіру үшін сандық талдауды пайдалануға, сондай-ақ, жауаптардың сапалық сипаттамаларын зерттеуге: жасанды интеллекті білім беру

үдерісіне енгізудің тәуекелдері мен артықшылықтарын түсінудегі ұқсас пікірлер мен тенденцияларды интерпретация жасауға мүмкіндік берді. Зерттеудің әдіснамалық концепциясына сондай-ақ, авторлардың жасанды интеллект қолданатын студенттермен өзара әрекеттесуінің жеке тәжірибелері де енгізілді. Авторлық мәтінді ауыстыру және зерттеудің имитациялық формаларының жағымсыз мысалдары мен диаграммалар, инфографикалар немесе кестелер жасауда ЖИ құралдарын қолданудың шығармашылық жобаны байытатын ұтымды тәжірибесі зерттелді.

Зерттеудің базалық мақсаты – жоғары білімнің қатысушылары мен стейкхолдерлердің ЖИ технологияларын қабылдауының жағымды және жағымсыз факторларын анықтау барысында авторлар бірқатар зерттеу мәселелеріне (ЗМ) назар аударды:

ЗМ1: ЮНЕСКО мен өзге де халықаралық құжаттарда сипатталған ЖИ-дің білім беруге интеграциясының қандай моделі Қазақстанның жоғары біліміне көбірек релевантты?

ЗМ2: Студенттер ЖИ-дің білім беру үдерісіне қатысуының қандай концепциясын таңдайды: қосымша құрал, көп еңбекті қажет ететін процестерді алмастыру, ассистент, жетілдіру мүмкіндіктерінің жаңа ресурсы.

ЗМ3: Студенттер ЖИ құралдарын білім беру үдерісіне енгізудің қай санатын этикалық тұрғыдан перспективалы және тәуекелі төмен деп санайды?

ЗМ4: Оқытушылар ағымдағы тапсырмаларды, рефераттар мен жазбаша жауаптарды орындауда академиялық адалдық пен ЖИ-дің студенттердің сыни ойлауына ықпал ету факторларының қандай тәуекелдерін атайды?

ЗМ5: ЖОО оқытушылары қандай модельді (антропоцентрикалық, құралдық, когнитивтік ынтымақтастық моделі, шығармашылық коллаборация немесе толықтырылған интеллект моделі) қалайды?

Білім саласында чат-боттармен тиімді жұмыс істеп, креативтілік танытып, оқу сапасын арттыру, жоспарлау, басқаруда жоғары нәтижелерге жету үшін түпнұсқалы әдіс-тәсілдер мен құралдар әзірлейтін ресурстарға сүйену қажет. Осы орайда ЮНЕСКО-ның ресурстары ЖИ технологиясының әлеуетін қолдануда инклюзивтілік және теңдік қағидаттарына негізделген. ЮНЕСКО білім мен зерттеуге тең дәрежеде қолжетімділікті қамтамасыз етудегі ЖИ-дің рөліне баса маңыз береді. 2024 жылы халықаралық ұйым

генеративті жасанды интеллектіні білім беру мен ғылыми зерттеулерде пайдалануға арналған нұсқаулық әзірледі. Нұсқаулықта генеративті ЖИ-ді маңызды гуманитарлық құндылықтар (қоғамдық өмірге қатысу, инклюзивтілік, әділдік, гендерлік теңдік, тілдік және мәдени әртүрлілік, сөз бостандығы) үшін пайдаланумен байланысты ықтимал тәуекелдер бағаланды. Оған үкіметтердің генеративті ЖИ құралдарын пайдалануын реттеудің негізгі қадамдары, соның ішінде деректердің құпиялылығын қорғау және оларды пайдалану үшін жас шектеулерін қарастыру кіреді. Сондай-ақ, генеративті ЖИ провайдерлеріне білім беруде этикалық және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету бойынша талаптар ұсынылып, білім беру мекемелерінің генеративті жасанды интеллект жүйелерін этикалық және педагогикалық тұрғыдан мақсатты пайдалану қажеттілігі атап өтілген (UNESCO, 2024).

2019 жылы ЮНЕСКО-ның «Жасанды интеллект және білім беру» Пекин консенсусы құжатында жасанды интеллектінің білім берудегі өзекті мәселелері мен мүмкіндіктері қарастырылды. Пекинде өткен халықаралық конференция қатысушылары (100 шақты БҰҰ-ға мүше елден 500 халықаралық делегаттар, соның ішінде министрлер, ғылыми институттар мен азаматтық қоғамдар т.б.) ЖИ дамуының соңғы тенденцияларын және оның қоғам, экономика, еңбек нарығына, білім беру жүйесіне елеулі ықпалын сараптап, ЖИ-дің дамуы адам бақылауымен жүзеге асырылуы, адамзаттың мүддесіне бағытталып, әлеуетін нығайтуға үлес қосуы, ЖИ-ді әзірлеу этика принциптеріне негізделуі қажет екендігін баса айтты. Құжатта ЖИ-ді білім беру үдерісінде қолдануда оқытушылардың құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту мүддесі көзделіп, оқытушыларды машинамен алмастырудың мүмкін еместігі түйінделген. ЖИ-ді оқу процесінде қолдану қауіп-қатер туғызған жағдайда инновациялық шешімдер әзірлеу қажет екендігі де осы құжатта қарастырылған (UNESCO, 2019).

АҚШ-та жекеменшік мектептер желісінің (Alpha School) ашылуы қоғамда қызу талқыланды. Бұндай мектептерде үй тапсырмалары жоқ, мұғалімдердің орнына «гидтер» мен жасанды интеллект боттары сабақ береді. Сабақтар күніне екі сағатқа созылып, қалған уақыт «өмірлік дағдылар тақырыбындағы шеберлік сағаттарына» ұласады, оған 12 метрлік жартасқа өрмелеу, IKEA жиһаздарын жинау немесе Рубик кубигін шешу кіруі мүмкін» (Taylor, 2026). Alpha School негізін қалаушылар Силикон алқабында әзірлен-

ген әдістер АҚШ-тағы білім берудің болашағын өзгерте алады, «өсуге бағытталған ойлауды» қалыптастырып, балалардың өзінің алдына жеке мақсат-міндеттер қоюына ықпал етеді деген пікірде. «New York Post» басылымы бұл жағдайды талдай отырып, оқушылардың топтан бөлініп, жекеленуімен, құрдастарымен коммуникация сапасының төмендеуімен және жедел, мінсіз нәтижелерге бағытталудан туындайтын тәуекелдер туралы педагогтар мен психологтардың пікірлерін алға тартты.

Әдебиеттерге шолу

Бүгінгі таңда дәстүрлі оқыту әдістері тиімділігін жоғалтып, білім алушылардың белсенділігі төмендеуде. Оқу процесінде жасанды интеллектіні пайдалану жобалық-бағдарлы әдісті (Liu et al., 2022; Антимонова, 2025) жүзеге асыруға мүмкіндік береді, білім алушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, олардың өзіне деген сенімін нығайтады (Елепбергенова және т.б., 2025; Kottaramban et al., 2025). Білім беру саласында чат-боттарды пайдалану да өзекті болып келеді. Мысалы, чат-боттар репетиторлықты алмастыра алады (Hwang & Chang, 2023; Perez et al., 2020).

Шевелева және т.б. (2025) зерттеулерінің нәтижелері жазбаша тапсырмаларды бағалауды автоматтандыру, интеллектуалды сөздіктер мен тапсырмалар генераторларын жасау, кері байланыс жүйесіне ЖИ құралдарын енгізудің білім сапасына жағымды ықпалын көрсетеді.

Caldarini, Jaf, McGarty зерттеуі чат-боттардың әңгімелесу контексті мен эмоционалдық лингвистикалық белгілерді дәл адамдардай түсінбегенімен, әлеуметтік байланыс сезімін тұдыра алатынын көрсетеді (Caldarini et al., 2022).

Жоғары білім беру саласына ЖИ технологияларын енгізудегі жетекші әлемдік кейстерді талдаған ресейлік «Яндекс білім беру» платформасы: «ЖИ технологиялары білім беру үдерісін түбегейлі өзгертуге қабілетті, қазірдің өзінде ол білім беру саласында тиімді құралға айналып отыр», – дейді (Возная, 2025)

«AI for Education» компаниясы GenAI-ді енгізу, оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеп, ақысыз ресурстар ұсынады. АҚШ тағы 200-ден астам ЖОО-лар, мектептермен ынтымақтасып, әлем бойынша 350 мыңдай педагогтар даярлады (School and District AI Services).

Соңғы жылдары жасанды интеллектіге студенттердің көзқарасы туралы зерттеулердің

саны артқан. Зерттеушілердің көпшілігі жоғары білім беру саласына жасанды интеллект интеграциясы студенттер үшін білім беру үдерісін жақсартып, сыни ойлауды дамытады деген пікірде. Олар генеративті ЖИ-дің білім беруге интеграциясы болашақта тереңдей түсетінін, артықшылықтары мен ұтымды тұстары оқытушылардың дайындығы мен этикалық басқаруға байланысты екенін, теңдік және құпиялылық мәселелері шешілмеген басым бағыттар болатыны туралы болжамдар жасайды. Көптеген зерттеушілер ЖИ-ді оқу процесінің қосымша элементі емес, оқытудың құрылымдық компоненті ретінде қарастырады. Студенттердің жасанды интеллект құралдарына көзқарасын талдаған ғалымдар келесі мәселелерді анықтады:

ЖИ технологиясының білім беру мекемелеріндегі тиімділігін анықтау үшін PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) блок-схемасының көмегімен метаталдау жасаған ғалымдар сегіз елде жүргізілген 13 эмпирикалық зерттеуді талдау арқылы ЖИ-дің оқыту нәтижесіне ықпалын зерттеп, ЖИ-дің білім беру саласына енудегі артықшылықтарын анықтады (Zhan et al., 2025).

Өзге де зерттеушілер студенттердің ЖИ көмегімен академиялық үлгерімдерінің көтеріліп, тапсырманы жедел орындау, креативтілік, есте сақтау қабілеттері дамып, оқу тиімділігінің артқанын анықтаған (Black & Tomlinson, 2025). Ғалымдар чат-боттар мен генеративті ЖИ-дің ықпалы басым екенін айтады. Онлайн білім беру мен виртуалды шындық қосымшаларының тиімділігі орташа деңгейде (Black & Tomlinson, 2025).

Интерактивті және геймификация құралдары студенттердің қызығушылықтарын арттырып, мотивация жасаған. Студенттер сондай-ақ өздерінің қауіптерін де жасырмайды. Академиялық адалдық пен шектен тыс тәуелділік, плагиат жасаудан қауіптеніп, плагиатты көрсетпейтін өзге жолдарын іздеуге тырысқан (Zhou et al., 2024). Студенттер дезинформация, қауіпсіздік, ЖИ құралдарына қолжетімділіктегі теңсіздікті атайды (Pham & Pham, 2025). Студенттер ЖИ-ді пайдалы әрі өнімділікті арттырады деп санайды, алайда нақты ережелер мен этикалық нұсқаулар қажет деп табады (Slimi et al., 2025). Көптеген студенттер ЖИ-ді қолдануды өз идеяларын жетілдіру үшін қолданатындығын жеткізген. Олар бүтіндей ЖИ жасаған контентке сын көзбен қарайды (Black & Tomlinson, 2025).

Білім алушылардың ЖИ пайдалану дағдылары мен құзыреттіліктерін жете меңгермеуін айту қажет, алайда оған үлкен қызығушылық танытады (Иванова et al., 2025). Бұл қызығушылық көбінесе практикалық тапсырмаларды орындауға чат-боттарды пайдалану барысында ЖИ-ға сілтеме жасамай, академиялық адалдықты бұзудан көрінеді. Ғалымдардың ЖИ пайдаланудың этикалық тәуекелдері туралы зерттеулері (Duah & McGivern, 2024; Hagendorff, 2020; Кульминов, 2024; Наумченко, 2025; Резаев & Трегубова, 2023; Teel et al., 2023; Фролов & Колкарева, 2025) генерацияланған ЖИ мәтіннің авторлығына қатысты алаңдаушылықты көрсетеді.

Осыған орай, жоғары оқу орындарында білім алушылар мен оқытушылардың білім беру үдерісінде ЖИ пайдалану ережелері әзірленді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бұл – «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ жасанды интеллект технологияларын қолдану жөніндегі ереже». Ережеде білім алушылар оқу нәтижелерін жақсарту және уақытын тиімді басқару үшін ЖИ құралдарын академиялық адалдық принциптерін сақтап, ЖИ-ға сілтеме жасап қолдана алатыны туралы анық көрсетілген («Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, 2024).

Цифрлық технологиялардың дамуы еңбек нарығына елеулі ықпал етеді. «Future of jobs» зерттеулеріне сәйкес, 2023 жылғы есепте БАҚ саласындағы еңбек нарығының белсенді болатыны, мамандардың ауысу динамикасының жоғары, шамамен жұмыс орындарының төрттен бірі өзгеріп немесе жоғалатыны, жаңа мамандықтар пайда болатыны, сондықтан, сұранысқа ие болу үшін, нарыққа бейімделіп, технологиялық білімді жетілдіру (Lifelong learning) қажеттігі туралы айтылса, 2025 жылы дизайнерлерге сұраныс өсетіндігін көрсетті (World Economic Forum, 2023). Осы жылғы есепте цифрлық сауат мәселесіне баса назар аударылып, біліктілік пен машық, тәжірибенің жетіспеушілігі мәселелеріне баса назар аударылды (World Economic Forum, 2016, 2018, 2020).

Сондай-ақ, есепте: «Болашақта жасанды интеллект, машиналық оқыту мамандарымен қатар, тұрақты даму, BI-аналитиктер мен ақпараттық қауіпсіздік мамандарына қажеттілік артады», – делінген (World Economic Forum, 2023, 28-бет).

ЖИ-дің журналистерді алмастыра алмайтындығы белгілі. Аудиторияға деректер мен құрғақ сандарды тізбектеген жансыз мәтін емес,

журналистің қаламынан шыққан сенімді сараптамалық мәтін мен аудиторияға ойнақы, сауатты сұрақтар қойып, адамның жанын түсініп сұқбаттасатын «тірі» журналист қажет. Бұл туралы ғалым, мамандар тарапынан жиі айтылып келеді. ТАСС ақпарат агенттігінің директоры А. Кондрашев ЖИ-дің журналистикаға әсері мамандықты түбегейлі өзгертетінін, редакциядағы күнделікті әдеттегі жұмыстар қысқарып, күрделі журналистік зерттеуге, маңызды оқиғаларды іздеуге, аудиториямен өзара сенімді байланыс орнатуға уақыт көбірек болатындығын айтады (Кондрашев, 2025).

Нәтижелер мен талқылаулар

Студенттердің ЖИ құралдарын пайдалануға байланысты сауалнаманы кешенді талдау нәтижесінде келесідей мәселелер анықталды. ЖИ-ді 91,1% студент (әртүрлі деңгейде) пайдаланады. Бұл студенттердің жаңа технологияға жоғары бейімділігін әрі ЖИ-дің білім беру үдерісіне практикалық интеграциясын көрсетеді. Студенттер технологияның когнитивтік және білім беру әлеуетін позитивті бағалайды. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, студенттер цифрлық

күзінеттің болашақ мәнсап үшін маңызын жақсы түсінеді. Осындай жағымды көзқарасқа қарамастан, студенттер ЖИ-дің мүмкін болатын қауіп-қатерін де назардан тыс қалдырмады. Респонденттердің бір бөлігі ықтимал тәуекелді технологияның өзімен емес, қолдану мәдениетімен байланыстырады. Студенттер ЖИ-дің рөлі мен әлеуетін позитивті бағалағанымен, түбегейлі қолдамайды.


Студенттердің басым бөлігі (53.5%) ЖИ-ді анда-санда қолданады. Яғни, ЖИ қосымша құрал ретінде қабылданып, оны сабаққа дайындалу, ақпарат іздеуде пайдаланады. Бұл ЖИ-дің тапсырманың түріне, тақырыптың күрделілігіне, уақыт тапшылығына қарай тек қосымша құрал ретінде қабылданатынын көрсетеді. Яғни, ЖИ оқу үдерісінің тұрақты бөлігі емес, қалыпты ресурс ретінде қалыптасқан. ЖИ-ді жиі және өте жиі қолданатындар – 41,6%. Яғни, әрбір екінші студент тапсырма орындау барысында ЖИ құралдарына жүгінеді. Бұл студенттердің цифрлық машығын көрсетеді. ЖИ-ді ешқашан қолданбайтын студенттер (4,9%) академиялық этиканы сақтауға тырысуы немесе жауаптардың сапасына сенімсіздікпен қарауы мүмкін.

1-сурет

Студенттердің ЖИ құралдарын қолдану көрсеткіші.

ЖИ-дің қандай құралдарын оқу үдерісінде қолданасыз? (бірнеше нұсқаны таңдауға болады)

101 ответ



Ескертпе: авторлар құрастырған.

Респонденттердің 57 пайызы ChatGPT-ді, 27 пайызы автоматты аударма, 11 пайызы бағдарлама түзетін құралдарды, 50 пайызы презентация, сурет т.б. генераторларды, ал 8 пайызы өзге құралдарды қолданады (бірнеше жауап нұсқалары болғандықтан, диаграмма 100 пайыздан жоғары нәтижені көрсетті). Бұл білім беру тәжірибесінде әртүрлі ЖИ құралдарының қолданылатынын байқатады. Ең сұранысқа ие генеративті құралдар мәтіндік (ChatGPT) және мультимедиялық (50%). Бұны ChatGPT-дің көпфункционалығымен түсіндіруге болады. Әмбебап генеративті модельдің көмегімен ақпарат іздеп, құрылымдауға, күрделі тақырыптарды түсіндіруге, жазбаша жұмыстарды орындауға, жоспар құрып, идеяларды генерациялауға болады. Студенттер мәтін, презентация, визуалды материалдар сияқты контент жасайтын қызметке жиі жүгінеді әрі уақытын үнемдеуге тырысады, ЖИ-ді тек ақпарат көзі ғана емес, оқу материалдарын түзетін құрал ретінде де пайдаланады. Респонденттердің 27 пайызының автоматты аударманы қолдануы олардың шетелдік дереккөздерді пайдаланатынын көрсетеді. Бағдарлама түзетін құралдарды қолданатын 11 пайыз респондент ЖИ-дің деректерді талдау сияқты мамандандырылған қолданысын көрсетсе, өзге құралдарды қолданатын категория ЖИ құралдарының студенттер арасындағы қолданыс деңгейінің кенеюін көрсетеді. Бұл мәтінді тексеру, дыбыс, деректерді талдау, жоспарлауға арналған интеллектуалды көмекшілер болуы мүмкін.

Студенттердің басым бөлігі ЖИ-ді ақпарат іздеп, талдауға қолданады (61,4%). Бұл ЖИ-дің интеллектуалды көмекші (материалды құрылымдау, мәліметтерді қорытындылау т.б.) ретінде қабылданатынын нақтылай түседі. Студенттердің басым бөлігі (40,6%) ЖИ-ді презентациялар мен жобалар жасау үшін қолданады. Бұл визуализация рөлінің артып, студенттердің оқыту нәтижесін мультимедиялық формалармен көрсетуге бейімделгенін байқатады. Студенттердің 37,6 пайызының аударма қызметін қолдануы ЖИ-дің бұл құралын жетілдіре түсуді қажет етеді.

Генеративті жасанды интеллектінің үлкен тілдік модельдерді қолданып, мәтіндер түзетіні белгілі. ЖИ құралдары пайдаланушылар енгізген деректер негізінде жасалғандықтан, оларды пайдаланудың тәуекелдері бар. Көптеген үлкен тілдік модельдер өзге тілдерді де қолданғанымен, генеративті ЖИ модельдері негізінен ағылшын тіліндегі деректердің негізінде түзілген. Сондықтан, бірқатар өзекті мәселелер туындай-

ды. Біріншіден, мәтінді генерациялаудағы өзге тілдегі мәліметтер қоры көп емес. Көптілді құрал тек ағылшын тілінен аударма болғандықтан, ЖИ нәтижесі нақты болмауы мүмкін. Екіншіден, LLM адам тілі (диалект т.б.) мен қарым-қатынастың, мәдениет, менталитет, тарих, салт-дәстүрді біліп, түсіне бермейді, ағылшын тілді көзқарасқа, ойлауға басымдық береді. Үшіншіден, көп жағдайда мағынасыз аударма болады. Яғни, ағылшын тілінен аударманы дұрыс интерпретация жасау жауапкершілікті қажет етеді. Респонденттердің аз бөлігі ЖИ-ді жазбаша жұмыс (10,9%) пен практикалық тапсырмалар (6,9%) орындауға пайдаланады. Бұл студенттердің тапсырма орындау барысында ЖИ қызметіне толық жүгінбей, тек қосымша ресурс ретінде қолданылатынын тағы да дәлелдей түседі.

Респонденттердің 16,8 пайызы ЖИ-ді орфография мен грамматиканы тексеру үшін пайдаланады. Бұл ЖИ-дің мәтіннің сапасын арттыру құралы ретінде қолданылуының көрінісі. Қорыта келе, студенттер ЖИ-ді тапсырма орындауда тек ақпараттық талдау және ұйымдастырушылық қолдау құралы ретінде пайдаланады.

Оқу материалын түсінудегі ЖИ құралдарының рөліне байланысты сауалнама нәтижелері студенттердің ЖИ-дің барлық жағдайда көмектесе алмайтындығын мойындауын көрсетті. Бұл ЖИ-дің адамды алмастыра алмайтындығының айқын көрінісі.

«ЖИ құралдарын қолдану сізге оқу материалын терең түсінуге көмектесе ме?» деген сауалға жауап берген 95% респондент ЖИ-дің пайдалы құрал екендігін айтады. Респонденттердің жартысына жуығы (49,5%) ЖИ-дің білімді терең меңгеруге көмектесетінін жеткізген. Бұл сұраққа «кейбір жағдайда» деп жауап берген студенттер ЖИ-ға сұрақты дәл, нақты жауап алатындай сауатты қоя алмаған болуы мүмкін.

86.1% респонденттер ЖИ-дің өздерінің кәсіби дамуына игі ықпалын болжайды (39.6% бұған сенімді, 46.5% бұны мүмкін деп санайды). Респонденттердің басым бөлігі ЖИ құралдарын меңгеру еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі деп сенеді. Алайда тек 39,6 пайызы «иә» деп жауап берген, ал 46.5 пайызы «мүмкін» деген жауапты таңдаған. Респонденттердің бұл бөлігі мамандықтың болашақтағы талаптарын толық түсінбеуі, ЖИ-дің практикалық қолданысын толық бағамдай алмауы немесе технологиялық болжам жасаудан сырт қалуды ұйғаруы мүмкін. 13.9% респондент ЖИ мүмкіндіктеріне сын көзбен қарайды.

2-сурет

ЖИ құралдарының болашақ кәсіби қызметке ықпалы туралы.



Ескертпе: авторлар құрастырған.

3-сурет

ЖИ-дің білім беру сапасына ықпал ету деңгейі.



Ескертпе: авторлар құрастырған.

68.3 % респондент ЖИ-дің білім беру сапасына ықпалын жағымды бағалайды. Бұл ЖИ-ді білім сапасын арттыратын фактор ретінде қабылдаудың басымдығын байқатады. Студенттер мұны ақпаратты жедел іздеп, өңдеу, күрделі тақырыптарды түсіндіру, жеке қолдау табу, материалдың құрылымын, безендірілуін жақсартумен байланыстырады. Респонденттердің 21.8 пайызы ЖИ білім беру сапасына ешқандай әсер етпейді деп санайды. ЖИ-дің білім беру сапасына ықпалын негативті бағалаған 9.9 (8.9%

+1%) респонденттер академиялық этика және студенттердің ЖИ-ді жиі қолдану салдарынан ойлану қабілетінің төмендеуі тұрғысынан бағалаған болуы мүмкін.

Респонденттер ЖИ-дің білім беру үдерісіндегі ықтимал тәуекелі мен салдарына академиялық адалдықтың бұзылуын, сыни ойлау мен шығармашылықтың әлсіреуін, дайын жауапқа тәуелділікті, қате немесе сенімсіз ақпараттың таралуын, жеке деректер қауіпсіздігінің бұзылу қаупін, білім алудағы теңсіздіктің артуын айтады.

4-сурет

ЖИ-дің білім берудегі рөлін бағалау.



Ескертпе: авторлар құрастырған.

ЖИ-дің қазіргі жоғары білім берудегі рөлін респонденттердің 40,4%-ы жағымды, 58,6%-ы бейтарап, 1%-ы жағымсыз бағалаған. Респонденттердің басым бөлігі бейтарап позицияны ұстанады. Бұл студенттердің білім берудегі ЖИ ықпалын сезінбеуін немесе жағдайды бағалауға тәжірибесінің жоқтығын көрсетеді. Бейтарап позиция, сонымен қатар, технологияны енгізуге сыни көзқарасты білдіреді. Студенттер ЖИ-дің әлеуетін білгенімен, қауіп-қатер мен шектеулерді де байқайды. 40,4 пайыз студент ЖИ рөлін жағымды бағалап, ЖИ-ді білім беру тәжірибесінде пайдалы құрал деп біледі. Жағымсыз бағалаған 1% респонденттердің үлесі технологияны

студенттердің басым бөлігінің қабылдайтынын көрсетеді.

Профессор-оқытушылар құрамының білім беру процесіне ЖИ-ді енгізуге көзқарасын талдау сыни дискурстың басым екенін көрсетті. Педагогтардың пікірі бойынша, 77 пайыздан астам тапсырмаларда (студенттердің) контентті нейрондық желілер арқылы генерациялау белгілері бар, бұл тапсырманы ауызша қорғау барысында анық байқалады. Оқытушы респонденттердің 84 пайызы бұл мәселеден шығудың жолы ретінде бақылау формаларын өзгертіп, аудиториядағы жазбаша жұмыстарға, ауызша презентацияларға басымдық берген (5 суретті қараңыз).

5-сурет

ЖИ-ді теріс пайдалануды азайтудың педагогикалық стратегиялары.



Ескертпе: авторлар құрастырған.

Оқытушылар тапсырма дизайнын жеке- және практикалық бағдарланған, студенттің тәжірибесін көрсететін, пікірталастар мен жергілікті және маңызды оқиғаларды қамтитын мазмұнда қайта қарауға мәжбүр. Мысалы, халықаралық журналистика бойынша тапсырма уақыты шектеулі кейстер арқылы қалыптастырылады (соңғы 2-3 айдағы әлемдік оқиғалар).

Бағалау кезінде алдын ала жұмыс жоспарын, түзетілген қолжазбаны, әдебиеттер тізімі мен дереккөздердің скриндерін сұрауға болады. Негізгі мақсат – студентті өз бетінше жұмыс істеуге ынталандыру үшін белгілі бір «интеллектуалды» кедергі туғызу. ЖИ пайдалану кезінде білім алушы нәтижелерді өз деректерімен растап, технологияның қажеттілігін негіздей отырып, жеке үлесі мен нейрондық желінің жұмысын ажыратып көрсетуі керек.

Бұдан тыс, сауалнамаға қатысқан оқытушылардың 42 пайызы студенттердің жұмысын жүйелі верификация жасауға көшті және практикаға ЖИ арқылы генерацияланған мәтінді анықтайтын арнайы бағдарламалық қамту мен фактчекинг әдістерін енгізді.

Осылайша, ЖИ білім беру тәжірибесіне біртіндеп еніп, дәстүрлі оқытуды алмастырмайтын құрал ретінде қабылданады. Көптеген студенттер ЖИ-ді білім беру үдерісін түбегейлі өзгертеді деп ойламайды және жауапкершілікпен әрі сауатты қолданған жағдайда пайдалы құрал екендігін атайды.

Оқытушылар қауымдастығы ЖИ-дің оқытудағы тек көмекші рөліне баса назар аударып, кеңінен қолданылуына күмәнмен қарайды. Адамның когнитивтік қабілетін генеративті алгоритмдермен алмастыру оқытудың барлық бағытына жүйелік қауіп төндіреді. Бұл еңбек нарығындағы аса маңызды салалардағы болашақ мамандардың сапасына да қауіпті.

Қорытынды

Білім беру саласына жасанды интеллект құралдарын енгізудегі тәуекелдерді бағалауда респонденттердің жауаптары көп қырлы және әртүрлі қабылдауды көрсетті. Нақты қауіптерді тізіп көрсетумен бірге, кейбір студенттер бейтарап ұстаным білдірді. Академиялық адалдықтың бұзылуы мен ойлау қабілетінің төмендеуі ең көп аталған тәуекелдер. Респонденттердің жауабын төрт топқа бөлуге болады: этикалық және академиялық қауіп-қатерлер, когнитивті тәуекелдер, ақпараттық және технологиялық тәуекелдер мен

студенттердің жеке позициясы. Жауаптарды сараптап отырып, студенттердің бағалау принциптерінің өзгеруіне, білімді бағалаудағы объективтіліктің төмендеуіне алаңдайтынын байқауға болады. Сондай-ақ, студенттер ЖИ енгізудегі техникалық шектеулер мен әлеуметтік салдарын жақсы түсінеді. Респонденттердің бір бөлігі «ешқандай қауіп-қатер жоқ, адамның өзіне, ЖИ-ді қалай пайдалануына байланысты» – деп жауап берген. Бұндай позиция студенттердің технологияны тиімділігі жауапкершілік деңгейімен және цифрлық сауатпен анықталатын бейтарап құрал ретінде қабылдайтынын көрсетеді.

Жауаптарды талдау студенттердің ЖИ-ді тек пайдалы білім беру ресурсы ғана емес, когнитивтік, этикалық және әлеуметтік тәуекел ретінде қабылдайтынын байқатты. Сонымен қатар, респонденттердің басым бөлігі технологияны қолдану мәдениетіне байланысты басқаруға болатын тәуекелдер ретінде қарастырады. Расында, соңғы кездері ғалымдар ЖИ-мен тығыз байланыс жасау жастардың когнитивтік қабілетіне кері әсерін тигізуі мүмкін екендігіне алаңдайтыны рас.

Алынған нәтижелер білім беру ортасында мәтін және визуалды контент тудыратын әмбебап генеративті ЖИ құралдарының басымдыққа ие екендігін және білім беру үдерісіндегі ЖИ рөлінің позитивті қабылдануын көрсетеді. Студенттердің басым бөлігі ЖИ қолдануды оқу материалдарын терең түсінуден байланыстырады, бұл оның когнитивті құндылығын байқатады.

Студенттер ЖИ-ді болашақ кәсіби дамудың маңызды факторы ретінде қабылдайды. Дегенмен, цифрлық күзінеттіліктің маңызын түсіну қалыптасқанымен, ЖИ-дің болашақ кәсіби қызметтегі рөлін бағалауда әлі де ой елегінен өткізу басым.

Қорыта келе, ЖИ дәстүрлі білімді алмастырушы емес, жауапкершілікпен сауатты қолданса, пайдалы құрал болатын білім берудің жана моделі ретінде қалыптасқанын айтуға болады. ЖИ жоғары мектептің білім беру ортасының элементі ретінде қолданылуы қосымша сипатқа ие және оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған құрал. Студенттер ЖИ-ді позитивті бағалап, оның материалды түсіну мен кәсіби дамуға тигізетін пайдасын байыптайды. Сонымен қатар, ықтимал когнитивтік, этикалық және әлеуметтік тәуекелдерінен қауіптенеді.

Жасанды интеллект қарқынды дами отырып, қоғамның әртүрлі секторларына, соның ішінде жоғары білімге де елеулі ықпалын тигіз-

ді. Маңызды стратегиялар дағдыны жетілдіру, этикалық қолдану, академиялық адалдық өзекті мәселелерін қамтиды. Сондықтан, білім беру саласында ЖИ технологиялары мен дәстүрлі оқытудың арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет.

Авторлар сонымен қатар, келесідей қорытындыға келді:

Білім беру процесіне ЖИ-дің интеграциясы оны пайдаланудың оңтайлы моделі енгізілген және университет қауымдастығы студенттер мен оқытушыларға арналған академиялық жауапкершілік пен бақылаудың жалпы қағидаттарын қабылдаған жағдайда ұтымды болады.

Студенттік ортада ЖИ-ді білім алу барысында пайдалану туралы қалыптасқан бірыңғай пікір жоқ. Кейбір студенттер белгілі бір шығармашылық немесе өзге де жұмыстарды орындауда толық ЖИ көмегіне жүгінуді академиялық құқық бұзушылық деп санамайды. Олар ЖИ-ді когнитивті көмекші емес, еңбек шығындарын азайтудың ыңғайлы ресурсы ретінде сипаттайды.

Мақала авторлары білім беру процесінде ЖИ-ді кеңінен қолданудың қажеттілігін түсіне отырып, ЖИ адамдарды алмастырмайтын, керісінше олардың когнитивтік қабілеттерін арттыратын толықтырылған интеллект (Augmented

Intelligence) моделін енгізудегі белгілі бір перспективаларды көреді. Журналистер үшін бұл үлкен деректерді зерттеуде, ақпарат іздеп, статистикалық сәйкессіздіктерді талдауда және тергеу журналистикасында аналитикалық көрсеткіштерді тарату т.б. пайдалы деп санайды.

Сонымен қатар, ЖИ ресурстарын пайдалана білу ақпараттық қызмет нарығының талаптарына сәйкестіктің маңызды белгісі екенін түсіну қажет. ЖОО-лар бұл мәселе бойынша профильдік оқыту мен мамандыққа бағытталған білім мен дағдыларды беруі тиіс; курстар ЖИ-дің жаңа құралдық мүмкіндіктері мен ресурстық негіздерін жедел меңгеруді үйретуі керек. ЖОО-лардағы бұл пәндердің басты мақсаты – студенттерді ЖИ-ді жауапкершілік және медиақызметкерлер тарапынан бақылауды талап ететін қосымша ресурс ретінде қабылдауға үйрету.

Қазіргі кезеңде университет қауымдастығы білім беру процесінде ЖИ-ді дұрыс пайдаланбаудағы тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеуі қажет; жеке ойлауды төмендететін теріс факторларды, ЖОО-да оқу кезінде өзін-өзі белсенді дамытуға мотивацияны жоғалту, тұрақты білім алу үдерісін күнсыздандыратын академиялық адалдықты жиі бұзу қаупін сипаттауы керек.

Авторлардың үлесі:

Шыңғысова Н.Т. – идея авторы, концепция әзірлеу, зерттеу мақсаты мен міндеттерін, әдістемесін таңдау, материалдар жинау, ғылыми деректерді талдау, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, мақала мәтінін жазу.

Дудинова Е.И. – гипотезаны нақтылау, зерттеу компоненттерін безендіру, мәтіндік контентті генерациялау және аналитикалық өңдеу, дереккөздер базасын талдау.

Негизбаева М.О. – мәліметтерді талдау және визуализациялау, мәтіндік контентті генерациялау және аналитикалық өңдеу, зерттеу траекториясын үйлестіру, ғылыми және медиаматериалдарды контент талдау.

Әдебиеттер

Антимонова, О.П. (2025). Применение цифровых интеллектуальных инструментов в проектно-ориентированном изучении иностранных языков. *International Journal of Humanities and Natural Sciences*, vol. 7-2 (106). <https://doi.org/10.24412/2500-1000-2025-7-2-65-69>

Black, R.W., Tomlinson, B. (2025). University students describe how they adopt AI for writing and research in a general education course. *Sci Rep* 15, 8799. <https://doi.org/10.1038/s41598-025-92937-2>

Beijing Consensus on Artificial Intelligence and Education (2019) <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000368303>

Duah, J.E., McGivern, P. (2024). How generative artificial intelligence has blurred notions of authorial identity and academic norms in higher education, necessitating clear university usage policies. *The International Journal of Information and Learning Technology*. 41 (2). P. 180–193. <https://doi.org/10.1108/IJILT-11-2023-0213>

Елепбергенова, А.У., Канапьянова, З.Н., Шалтабаев, А.А. (2025). Болашақ педагогтардың креативті ойлауын кәсіби даярлық үдерісінде цифрлық симуляциялар арқылы дамыту. ЖУ Хабаршысы. 2(115). 100-108 б.б. <https://doi.org/10.53355/ZHU.2025.115.2.011>

Иванова А.Е., Тарасова К.В., Талов Д.П. (2025). Между интересом и умением: как студенты воспринимают и применяют ИИ. *Высшее образование в России. № 8-9 (34). С. 9-32. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2025-34-8-9-9-32>*

Caldarini, G., Jaf, S., McGarry, K. (2022). A literature survey of recent advances in chatbots. *Information* 13, 41. <https://doi.org/10.3390/info13010041>

Fengchun, M., Wayne, H. (2024). Guidance for generative AI in education and research (2024) <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000389639>

- Hagendorff, T. (2020). The Ethics of AI Ethics: An Evaluation of Guidelines. *Minds & Machines* 30, 99–120. <https://doi.org/10.1007/s11023-020-09517-8>
- Hwang, G. J., Chang, C. Y. (2023). A review of opportunities and challenges of chatbots in education. *Interactive Learning Environments*, 31(7), P. 4099–4112. <https://doi.org/10.1080/10494820.2021.1952615>
- Kottaparamban, M., Ali, E., Usmani, S., Ahmed, F. (2025). Artificial intelligence and the human mind: academic achievement, ethical practice, and equity in higher education. *Journal of Cultural Analysis and Social Change*, 10(4), 2734–2745. <https://doi.org/10.64753/jcasc.v10i4.3309>
- Liu, Y., Chen, L., Yao, Z. (2022). The application of artificial intelligence assistant to deep learning in teachers' teaching and students' learning processes. *Front. Psychol.* 13:929175. <http://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.929175>
- Наумченко, С.А. (2025). Этические и правовые аспекты использования искусственного интеллекта в организациях среднего профессионального образования. *Наука и школа*. 4. С. 84-91. <https://doi.org/10.31862/1819-463X-2025-4-84-91>
- Начало конца или новой эпохи? Эффекты генеративного искусственного интеллекта в высшем образовании / Под ред. Кульминаева, Я.И. (2024). *Современная аналитика образования*. 8 (82). М.: НИУ ВШЭ, 64 с. <https://ioe.hse.ru/pubs/share/direct/991726366.pdf>
- Perez, J.Q., Daradoumis, T., Puig, J.M.M. (2020). Rediscovering the use of chatbots in education: A systematic literature review. *Computer Applications in Engineering Education*. Vol.28, Is.6 P. 1549-1565 <https://doi.org/10.1002/CAE.22326>
- Pham, B.Th., Pham, D.T. (2025). Empowering Student Research with Artificial Intelligence: Transforming Education through AI Applications, 734 – 741. <https://jisem-journal.com/index.php/journal/article/view/2514/994>
- Резаев, А.В., Трегубова, Н.Д. (2023). ChatGPT и искусственный интеллект в университетах: какое будущее нам ожидать? *Высшее образование в России*. 6 (32). С. 19-37. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2023-32-6-19-37>
- Slimi, Z., Benayoune, A., Alemu, A. E. (2025). Students' perceptions of artificial intelligence integration in higher education. *European Journal of Educational Research*, 14(2), 471–484. <https://doi.org/10.12973/eu-jer.14.2.471>
- Taylor, H. (2026). New \$65K private school uses AI to teach students in just two hours a day – in Silicon Valley bid to shake up US education// *New York Post*. Jan. 30, 2026, <https://nypost.com/2026/01/30/business/new-65k-private-school-uses-ai-to-teach-students-in-just-two-hours-a-day-in-silicon-valley-bid-to-shake-up-us-education/>
- Teel, Z. (Abbie), Wang T., & Lund B. (2023). ChatGPT conundrums: Probing plagiarism and parroting problems in higher education practices. *College & Research Libraries News*. <https://doi.org/10.5860/crln.84.6.205>
- Фролов, Р.Н., Колкарева, И. Н. (2025). Этические и правовые риски применения искусственного интеллекта на современном этапе развития. *Аграрное и земельное право*. 4. С. 206-208. http://doi.org/10.47643/1815-1329_2025_4_206
- Шевелева, Н., Степаненко, В., Аубакирова, С., Саткенова, Г. (2025). Применение методов искусственного интеллекта в управлении образовательной деятельностью. *Вестник Кокшетауского университета. Серия Педагогические науки*, (3), 3–14. <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2025/iss3pp3-14>
- Zhan, J., Jantakoon, Th., Laoha, R. (2025). Meta-Analysis of Artificial Intelligence in Education *Higher Education Studies*; Vol. 15 (2). 189-210. <https://doi.org/10.5539/hes.v15n2p189>
- Zhou, X., Zhang, J., Chan, Ch. (2024). Unveiling Students' Experiences and Perceptions of Artificial Intelligence Usage in Higher Education. *Journal of University Teaching and Learning Practice*, 21(06). <https://doi.org/10.53761/xzjprb23>

Электронды ресурстар:

- «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ. (2024). *Жасанды интеллект технологияларын қолдану жөніндегі ереже*. <https://www.kaznu.kz/ru/docs>
- Возная, Е. (2025). ИИ и высшее образование: возможности, практики и будущее. *Компьютерра. Журнал о науке и технологиях*. <https://www.computerra.ru/307726/ii-i-vysshee-obrazovanie-vozmozhnosti-praktiki-i-budushhee/>
- Кондрашов: ИИ не заменит журналистов, но кардинально поменяет эту профессию. *ТАСС Наука*. 2025 <https://science.mail.ru/news/39311-kondrashov-ii-ne-zamenit-zhurnalistov-no-kardinalno-pomenyaet/>
- Future of Jobs (2016, 2018, 2020, 2023, 2025). <https://www.weforum.org/publications/series/future-of-jobs/>
- Положение о применении технологий искусственного интеллекта в НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби». [https://dl.kaznu.edu.kz/pics/sd/2025/\(рус\)%20Положение%20о%20применении%20технологий%20искусственного%20интеллекта%20в%20КазНУ.pdf](https://dl.kaznu.edu.kz/pics/sd/2025/(рус)%20Положение%20о%20применении%20технологий%20искусственного%20интеллекта%20в%20КазНУ.pdf)
- The Future of Jobs Report 2023. https://www3.weforum.org/docs/WEF_Future_of_Jobs_2023.pdf
- School and District AI Services. <https://www.aiforeducation.io/>
- World Economic Forum. (2023). *The future of jobs report 2023*. <https://www.weforum.org/reports/the-future-of-jobs-report-2023/>

References

- Antimonova, O.P. (2025). Primenenie cifrovyyh intellektual'nyh instrumentov v proektno-orientirovannom izuchenii inostrannyh yazykov [Application of digital intelligent tools in project-based learning of foreign languages]. *International Journal of Humanities and Natural Sciences*, vol. 7-2 (106). <https://doi.org/10.24412/2500-1000-2025-7-2-65-69>
- Black, R.W., Tomlinson, B. (2025). University students describe how they adopt AI for writing and research in a general education course. *Sci Rep* 15, 8799. <https://doi.org/10.1038/s41598-025-92937-2>
- Beijing Consensus on Artificial Intelligence and Education (2019) <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000368303>

Duah, J.E., McGivern, P. (2024). How generative artificial intelligence has blurred notions of authorial identity and academic norms in higher education, necessitating clear university usage policies. *The International Journal of Information and Learning Technology*. 41 (2). P. 180–193. <https://doi.org/10.1108/IJILT-11-2023-0213>

Elepbergenova, A.U., Kanap'yanova, Z.N., Shaltabaev, A.A. (2025). Bolashak pedagogtardyn kreativti ojlauny kosibi dayarlyk yderisinde cifrlyk simulyaciylar arkyly damyту [Developing the creative thinking of future teachers through digital simulations in the professional training process]. *ZhU Habarshysy*. 2(115). 100-108 b.b. <https://doi.org/10.53355/ZHU.2025.115.2.011>

Ivanova, A.E., Tarasova, K.V., Talov, D.P. (2025). Mezhdru interesom i umeniem: kak studenty vosprinyayut i primenyayut II [Between Interest and Skill: How Students Perceive and Apply AI]. *Vysshee obrazovanie v Rossii*. № 8-9 (34). S. 9-32. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2025-34-8-9-9-32>

Caldarini, G., Jaf, S., McGarry, K. (2022). A literature survey of recent advances in chatbots. *Information* 13, 41. <https://doi.org/10.3390/info13010041>

Fengchun, M., Wayne, N. (2024). Guidance for generative AI in education and research (2024) <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000389639>

Hagendorff, T. (2020). The Ethics of AI Ethics: An Evaluation of Guidelines. *Minds & Machines* 30, 99–120. <https://doi.org/10.1007/s11023-020-09517-8>

Hwang, G. J., Chang, C. Y. (2023). A review of opportunities and challenges of chatbots in education. *Interactive Learning Environments*, 31(7), R. 4099–4112. <https://doi.org/10.1080/10494820.2021.1952615>

Kottaparamban, M., Ali, E., Usmani, S., Ahmed, F. (2025). Artificial intelligence and the human mind: academic achievement, ethical practice, and equity in higher education. *Journal of Cultural Analysis and Social Change*, 10(4), 2734–2745. <https://doi.org/10.64753/jcasc.v10i4.3309>

Liu, Y., Chen, L., Yao, Z. (2022). The application of artificial intelligence assistant to deep learning in teachers' teaching and students' learning processes. *Front. Psychol.* 13:929175. <http://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.929175>

Naumchenko, S.A. (2025). Eticheskie i pravovye aspekty ispol'zovaniya iskusstvennogo intellekta v organizatsiyah srednego professional'nogo obrazovaniya [Ethical and legal aspects of the use of artificial intelligence in secondary vocational education institutions]. *Nauka i shkola*. 4. S. 84-91. <https://doi.org/10.31862/1819-463X-2025-4-84-91>

Nachalo konca ili novoj epohi? Effekty generativnogo iskusstvennogo intellekta v vysshem obrazovanii [The Beginning of the End or a New Era? The Effects of Generative Artificial Intelligence in Higher Education]/ Pod red. Kul'minova, Ya.I. (2024). *Sovremennaya analitika obrazovaniya*. 8 (82). M.: NIU VShE, 64 s. <https://ioe.hse.ru/pubs/share/direct/991726366.pdf>

Perez, J.Q., Daradouis, T., Puig, J.M.M. (2020). Rediscovering the use of chatbots in education: A systematic literature review. *Computer Applications in Engineering Education*. Vol.28, Is.6 R. 1549-1565 <https://doi.org/10.1002/CAE.22326>

Pham, B.Th., Pham, D.T. (2025). Empowering Student Research with Artificial Intelligence: Transforming Education through AI Applications, 734 – 741. <https://jisem-journal.com/index.php/journal/article/view/2514/994>

Rezaev, A.V., Tregubova, N.D. (2023). ChatGPT i iskusstvennyj intellekt v universitetah: kakoe budushchee nam ozhidat'? [ChatGPT and Artificial Intelligence in Universities: What Future Can We Expect?] *Vysshee obrazovanie v Rossii*. 6 (32). S. 19-37. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2023-32-6-19-37>

Slimi, Z., Benayoune, A., Alemu, A. E. (2025). Students' perceptions of artificial intelligence integration in higher education. *European Journal of Educational Research*, 14(2), 471-484. <https://doi.org/10.12973/eu-jer.14.2.471>

Taylor, H. (2026). New \$65K private school uses AI to teach students in just two hours a day – in Silicon Valley bid to shake up US education// *New York Post*. Jan. 30, 2026, <https://nypost.com/2026/01/30/business/new-65k-private-school-uses-ai-to-teach-students-in-just-two-hours-a-day-in-silicon-valley-bid-to-shake-up-us-education/>

Teel, Z. (Abbie), Wang T., & Lund B. (2023) ChatGPT conundrums: Probing plagiarism and parroting problems in higher education practices. *College & Research Libraries News*. <https://doi.org/10.5860/crln.84.6.205>

Frolov, R.N., Kolkareva, I. N. (2025). Eticheskie i pravovye riski primeneniya iskusstvennogo intellekta na sovremennom etape razvitiya [Ethical and legal risks of using artificial intelligence at the current stage of development]. *Agrarnoe i zemel'noe pravo*. 4. S. 206-208. http://doi.org/10.47643/1815-1329_2025_4_206

Sheveleva, N., Stepanenko, V., Aubakirova, S., Satkenova, G. (2025). Primenenie metodov iskusstvennogo intellekta v upravlenii obrazovatel'noj deyatel'nost'yu [Application of artificial intelligence methods in educational management]. *Vestnik Kokshetauskogo universiteta. Seriya Pedagogicheskie nauki*, (3), 3–14. <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2025/iss3pp3-14>

Zhan, J., Jantakoon, Th., Laoha, R. (2025). Meta-Analysis of Artificial Intelligence in Education Higher Education Studies; Vol. 15 (2). 189-210. <https://doi.org/10.5539/hes.v15n2p189>

Zhou, H., Zhang, J., Chan, Ch. (2024). Unveiling Students' Experiences and Perceptions of Artificial Intelligence Usage in Higher Education. *Journal of University Teaching and Learning Practice*, 21(06). <https://doi.org/10.53761/xzjprb23>

Electronic resources

«Al-Farabi atyndaghy Qazaq ulttyq universiteti» KeAQ. (2024). *Zhasandy intellekt tekhnologiyalaryn qoldanu zhonindegi erezhe* [Regulations on the use of artificial intelligence technologies]. KazNU.

Voznaya, E. (2025). II i vysshee obrazovanie: vozmozhnosti, praktiki i budushchee [AI and Higher Education: Opportunities, Practices, and the Future. *Computerra*. Science and Technology Magazine]. *Komp'yuterra*. Zhurnal o nauke i tekhnologiyah. <https://www.computerra.ru/307726/ii-i-vysshee-obrazovanie-vozmozhnosti-praktiki-i-budushchee/>

Future of Jobs (2016, 2018, 2020, 2023, 2025) <https://www.weforum.org/publications/series/future-of-jobs/>

Положение о применении технологий искусственного интеллекта в НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби». [https://dl.kaznu.edu.kz/pics/sd/2025/\(рус\)%20Положение%20о%20применении%20технологий%20искусственного%20интеллекта%20в%20КазНУ.pdf](https://dl.kaznu.edu.kz/pics/sd/2025/(рус)%20Положение%20о%20применении%20технологий%20искусственного%20интеллекта%20в%20КазНУ.pdf)

The Future of Jobs Report 2023 https://www3.weforum.org/docs/WEF_Future_of_Jobs_2023.pdf

Kondrashov: II ne zamenit zhurnalistov, no kardinal'no pomenyaet etu professiyu [Kondrashov: AI won't replace journalists, but it will radically change the profession]. TASS Nauka. 2025 <https://science.mail.ru/news/39311-kondrashov-ii-ne-zamenit-zhurnalistov-no-kardinalno-pomenyaet/>

School and District AI Services <https://www.aiforeducation.io/>

World Economic Forum. (2023). *The future of jobs report 2023*. <https://www.weforum.org/reports/the-future-of-jobs-report-2023/>

Авторлар туралы мәлімет:

Назгүл Шыңғысова (корреспонденттік автор) – «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиаты, «500 ғалым» ғылыми тағлымдамасы, Калифорния университеті, Дэвис (АҚШ, e-mail: nshyngyssova@ucdavis.edu); филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: Nazgul.Shyngyssova@kaznu.edu.kz);

Елена Дудинова – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЮНЕСКО журналистика және коммуникация кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан, e-mail: elenadudinova29@gmail.com);

Марлан Негізбаева – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан, e-mail: marlanonneg@gmail.com).

Information about authors:

Nazgul Shyngyssova (corresponding author) – Recipient of the International “Bolashak” Scholarship; participant in the “500 Scientists” Program, University of California, Davis (USA, e-mail: nshyngyssova@ucdavis.edu); Doctor of Philology, Associate Professor of the Department of Printing and Electronic Media (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Nazgul.Shyngyssova@kaznu.edu.kz);

Yelena Dudinova – Candidate of Sciences in Philology, Associate Professor of the Department UNESCO Department of Journalism and Communication, al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: elenadudinova29@gmail.com);

Marlan Negizbaeva – Candidate of Sciences in Philology, Associate Professor of the Department UNESCO Department of Journalism and Communication, al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: marlanonneg@gmail.com).

Сведения об авторах:

Шыңғысова Назгүль (автор для корреспонденции) – стипендиат международной программы «Болашақ», научная стажировка «500 ученых», Калифорнийский университет в Дэвисе (США, e-mail: nshyngyssova@ucdavis.edu); доктор филологических наук, ассоциированный профессор кафедры печати и электронных СМИ, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Nazgul.Shyngyssova@kaznu.edu.kz);

Дудинова Елена – кандидат филологических наук, доцент кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: elenadudinova29@gmail.com);

Негизбаева Марлан – кандидат филологических наук, доцент кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: marlanonneg@gmail.com).

Келіп түсті: 17 қараша 2025 жыл
Қабылданды: 22 қаңтар 2026 жыл